

Тақырып 7. Желілік қарым-қатынас ұжымына арналған GOOGLE электрондық презентациясы және кестелері

Жоспар:

7.1 GOOGLE электрондық презентациясы және оның мүмкіндіктері

1.2 GOOGLE электрондық презентациялық жұмысына арналған тапсырмалар

1.3 GOOGLE кестелері және оның мүмкіндіктері

7.4 GOOGLE кестелерімен орындалатын тапсырмалар

Жұмыс мақсаты:

- GOOGLE электрондық презентациялық жұмысымен танысу;
- презентация құруды үйрену;
- әріптестерге презентацияға қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- *GOOGLE кестелерімен* танысу;
- кестелер құруды үйрену;
- құрылған кестелерді әріптестеріңе ұсынуды үйрену.

Кілттік сөздер: электрондық презентациялар, презентацияға бірлесіп өзгеріс енгізу.

Жұмысты орындауға арналған аппараттық-бағдарламалық қамтама: компьютер, web-браузер (Coogole Chrome, Internet Explorer немесе Mozilla Firefox), Ғаламторға рұқсат, gmail.com, Google аккаунты.


7.1 GOOGLE (Google Presentations) электрондық презентациясы және оның мүмкіндіктері

Онлайн-кеңселік электрондық презентациялары презентация құруға мүмкіндік береді, Microsoft Power Point файлының импорт және экспорт мүмкіндіктерін іске асырады.

Сондай-ақ онлайн-құжат және кестелер, қолданушы өңдеген *электрондық презентацияларды* арнайы Google серверінде сақтауға немесе файлға экспорттауға болады. Деректерге рұқсат Ғаламторға қосылған барлық компьютерлер арқылы іске асырылады. Рұқсат парольмен қорғалған.

7.2 GOOGLE электрондық презентациялық жұмысына арналған тапсырмалар

Презентация құру үшін алдыңғы жұмыста көрсетілгендей өз аккаунтына кіру керек (бұл жағдайда Мира Ахмет атты аккаунт), *Диск таңдау, құру, Google Презентация орындау.* Ұсынылған презентация түрлерінен *Простая светлая* түрін таңдаймыз.



Берілген құрал-саймандарды қолдана отырып (жоғарыдағы суретке қараңыз), өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындауға көшіңіз.


7.3 *GOOGLE* кестелері және оның мүмкіндіктері

GOOGLE кестелерінің онлайн-кеңселері электронды кестелер құруға мүмкіндіктер береді және MS Excel сияқты файлды енгізу (импорт) және шығару (экспорт) мүмкіндігін іске асырады.

Онлайн-құжат және кесте сияқты Google-дың арнайы серверінде сақтауға немесе файл ретінде шығаруға болады. Мәліметтерге рұқсат кез-келген желіге қосылған компьютерлерден жүзеге асырылады. Рұқсат құпия сөзбен қорғалады.

7.4 *GOOGLE* кестесімен жұмыс істеу үшін тапсырмалар

Кестені құрастыру үшін, ең алдымен өз аккаунтыңызға кіресіз (мысал ретінде Мира Ахмет) , дискті таңдайсыз, құру, *GOOGLE* кестесі:



Ары қарай мүмкіндіктерді қолданып, (суретке қарап) өз жұмысыңызды істеуге көшіңіз.

Бақылау сұрақтары

1. *Google презентация* терезесінің құрал-саймандарын атаңыз.
2. Құрылған презентацияға бірлескен өзгеріс енгізу ұжымы үшін қандай амалдар орындау керек?
3. Бірлескен кестеге өзгертулер енгізу үшін қандай амалдарды орындау қажет?
4. Сіз құрастырған кестеде қандай есептеулер жүргізілді?
5. MS Excel-дан қандай айырмашылық байқадыңыз?